

## **БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ**

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау.

### **Талдау нәтижелері:**

4 сыныптың ата-аналары мен білім алушылар және педагогтар сауалнамаға қатысып, білім беру қызметтеріне өлшемшартқа сәйкес төмендегідей пайызбен деңгейі анықталды.

Педагогтар – 100%

Оқушылар – 100%

Ата-аналар – 100%

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талапқа сәйкес келеді.

## **IX БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Мектептің өзін-өзі бағалауы келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:**

-Білім сапасын арттыру мақсатында жас мамандармен жасалатын жұмыстарды, білім сапасы төмен сыныптармен жасалатын жұмыстарды жүйелеу;

- Мектепшілік бақылау жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралардың қорытынды талдауын жасап, жұмыс жоспарын жүйелеу;

-Дарынды білім алушылармен жұмыс барысын жандандырып, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға ынталандырып, қатыстыру;

-Мектептің материалды-техникалық базасын жетілдіру;

-Ғылыми-әдістемелік инновациялық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог

кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатыстыруды жалғастыру;

## **X БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР**

1. Бағалауды тиімді жүзеге асыру бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру.
2. Бастауыш сыныптарда оқушы бағасын көтермелеуге жол бермеу, бағалауды талапқа сәйкес жүзеге асыру.
3. Оқушы біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
4. Білім сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды жоспарлау.
5. Оқушылар мен мұғалімдердің аудандық, қалалық, облыстық байқаулар мен сайыстарға қатысу деңгейін көтеру.
6. Білім сапасы төмен сыныптардан мектепшілік бақылау жұмысын ұйымдастыру.